

УДК 327,351

А. О. Омаров,
Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясының
Дипломатия институтының магистранты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРІ

Аңдатпа

Аталмыш мақалада Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі туралы, ішкі және сыртқы саясатта жасалған және атқарылып отырған іс-шаралар туралы ақпарат берілген. Қауіпсіздік мәселелері кез келген уақытта өте маңызды әрі өзекті мәселелердің қатарында бола тұрып, әрбір мемлекеттің қарқынды дамуының негізгі шарты болып табылады.

Тірек сөздер: дүниежүзілік қауымдастық, мемлекет қауіпсіздігі, ұлттық қауіпсіздік, халықаралық қауіп-қатерлер.

Аннотация

В настоящей статье представлена краткая информация о безопасности Республики Казахстан, о предпринятых и предпринимаемых мерах во внутренней и внешней политике. Вопросы безопасности оставаясь весьма важными и актуальными во все времена, являются основным условием для интенсивного развития каждого государства.

Ключевые слова: мировое сотрудничество, государственная безопасность, национальная безопасность, международные угрозы.

Abstract

The article is providing information about security issues of the Republic of Kazakhstan, taken and undertaken measures in domestic and foreign policies. Security issues remain very important and relevant at all times, as the main condition for the intensive development of each state.

Key words: global cooperation, state safety, national security, international threats.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алып, егеменді мемлекетке айналғалы да жиырма жылдан астам уақыт болды. Дербес мемлекет ретінде қалыптаса бастағаннан кейін, республикамыздың мемлекеттік белгілері айқындалғаннан кейін, яғни, тәуелсіздігі жарияланып, шекарасы белгіленіп, конституциясы қабылданғаннан кейін, мемлекеттің функциялары да анықталды. Жаһандану үрдісінің екпінінің артуы Тәуелсіз мемлекетіміз үшін ішкі және сыртқы саясаттың салмағы пара-пар екендігін аңғартты деуге болады.

Дүниежүзілік қауымдастыққа мүше кез келген мемлекеттің сыртқы қауіпсіздігінің басты негізгі бағыты өзінің қауіпсіздігін барынша нығайту болып табылатындығына ешбір күмән келтіруге болмайды. Сондықтан Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 1997 жылы Қазақстан халқына арналған «Қазақстан – 2030» Стратегиясындағы алғашқы ұзақ мерзімді басымдылық болып ұлттық қауіпсіздік аталды.

Қазіргі кезде, сөз жоқ мемлекет қауіпсіздігінің кепілі ретінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамның тұрақтылығы мен тиімді тіршілік етуінің міндетті шарты Қазақстанның аса маңызды басымдықтарына жатады [1].

Ұлттық қауіпсіздіктің геосаяси өлшеміне келсек, мемлекеттің физикалық тіршілік етуі, оның егемендігінің, территориялық тұтастығының қорғалуы мен сақталуы, кез келген сыртқы әлеуетті қауіп-қатерлерге қарсы тұра алу қабілеті қауіпсіздік ретінде түсініледі.

Ұлттық қауіпсіздік мемлекет пен қоғамның қорғалуының түрлі аспектілерін қамтиды:

- мемлекеттің физикалық тіршілік етуін, сыртқы және ішкі қатерлерден территориялық тұтастығын, беріктігін қамтамасыз етуге қабілеттілік;
- ішкі істерге сыртқы күштердің араласуынан кепілдікке ие болу;
- қоғамның өмір салтына қауіп төндіретін әлеуетті, көзге көрінбейтін қатерлердің алдын алу.

Басқаша айтқанда, қауіпсіздік мемлекеттің өмір сүруін қамтамасыз ету. Мемлекетаралық қатынастар контекстінде өмір сүру дегеніміз халықтың өмір салтын сипаттайтын ортақ құндылықтарды тасымалдаушы және жүзеге асырушы ретінде ұлттық мемлекеттің сақталуын білдіреді. Ұлттық қауіпсіздік жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар

мүдделерінің қорғалу жағдайы ретінде ұлттық мемлекет күшеюіне бағытталған шешімдер мен саяси курстарды жоспарлайтын, қабылдайтын және бағалайтын әдістерді, формалар мен жолдарды қамтиды.

Ұлттық қауіпсіздіктің жоғарыда көрсетілген тұжырымдамалары біздің мемлекетіміз үшін бөтен емес. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерден қорғалуының жай-күйі. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері – іске асырылуына мемлекеттің адам мен азаматтың конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамы құндылықтарын, түпқазық мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету қабілетіне байланысты болатын Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық әлеуметтік және басқа да қажеттерінің жиынтығы» [2].

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі ең алдымен жас, тәуелсіз мемлекетіміздің егеменділігін, саяси тұрақтылығын, ішкі бірлігін сақтау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік туралы заңының 5-бабында көрсетілгендей: «...конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекет, оның ішінде Қазақстан Республикасының бірегей құрылысына, тұтастығына, қол сұғылмаушылығына, аумағының бөлінбестігіне қиянат келтіретін іс-әрекеттер; ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан, жаппай тәртіпсіздіктерден, рұқсат етілмеген жиналыстардан, митингілерден, шерулер мен демонстрациялардан, заңсыз тосқауылдар мен ереуілдерден көрінетін әлеуметтік-саяси жағдайдың шиеленісуі» республикамыздың ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіреді екен [2], яғни, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекетімізге сырттан басып кіретін жаудан қорғану ғана емес, мемлекет құрылымына сызат түсіретін оғаш қимыл-әрекеттердің барлығының алдын алу болып табылады.

Ұлттық қауіпсіздіктің бірыңғай жүйесінде ұлттық мүдделерге кедергілердің мүмкіндігі зор және шынайы түп негізіне орай қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы аспектілерін атап көрсеткен жөн. Қауіпсіздікке қауіп-қатерлерді сыртқы және ішкі деп бөлуге негізделіп отырып, Қазақстанның зерттеуші-ғалымдары У.Қасенов, М.Маумулин және тағы басқалар Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне шынайы қауіп-қатер негізінен ішкі сипатта болатынын атап өтті. Ішкі қауіпсіздікке ең алдымен мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі және ұлттық мүдделері жатады. Осындай салмақты естілетін басқа ұғымды атау мүмкін емес. Қазіргі әлемде қандай да бір мемлекеттің жетістіктерінің басты өлшемі болып экономикалық өсім қарқыны алға шығады. Қандай да бір елдің экономикалық жетістіктерінің объекті түрде танылуы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының мәжілістерінде «үлкен сегіздік кездесулерінде емес Давостағы (Швейцария) экономикалық форумында да емес өздерінің негізгі қаржыларын тым арзан және тыс сапалы тауарлар мен қызмет көрсетуге беруге артқы көретін миллиондаған және миллиардтаған сатушылардың рубльмен, доллармен, иенамен, маркамен, юаньмен «дауыс берудің» нәтижесінде болады.

Қазақстан Республикасында 1999 жылы қараша айында 2005 жылға дейінгі ұлттық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі стратегиясы мен шаралар бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесінің басшысы экономикалық, әскери, экологиялық, әлеуметтік-саяси және ақпараттық қауіпсіздік сияқты салаларды нығайтудың қажет ететінін көрсетті [3].

Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттік егемендігін, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығын сақтау, елдегі әлеуметтік-саяси тұрақтылықты ұстап тұру, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі Мемлекет басшысының шешімдерін әзірлеу және өкілеттігін іске асыруына жәрдемдесу үшін Қазақстан Республикасының Президенті құратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Қолданыстағы Қауіпсіздік Кеңесі туралы Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы № 88 Жарлығымен бекітілген.

Қауіпсіздік Кеңесінің тарихы 1991 жылдан басталады, онда Қазақ КСР Президентінің 21 тамыздағы Жарлығымен Қазақ КСР-нің Қауіпсіздік Кеңесі құрылған болатын. Кейіннен ол Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 17 маусымдағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі болып қайта құрылды.

Қауіпсіздік Кеңесінің негізгі міндеттері мыналар:

1) мемлекеттік мүдделер аясын, оларды іске асыру мен қорғаудың негізгі бағыттарын айқындау, ұлттық қауіпсіздікке ішкі және сыртқы қатерлерді анықтау, олардың алдын алудың, жолын кесудің және тойтарудың әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдау;

2) Елдің қауіпсіздігі стратегиясының негізгі бағыттарын әзірлеу және оны қамтамасыз етудің мемлекеттік бағдарламаларын дайындауды ұйымдастыру;

3) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында ішкі, сыртқы және әскери саясат мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін және осы шешімдерді іске асыру шаралары, сондай-ақ жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыру жөнінде Қазақстан Республикасының Президентіне ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу;

4) ұлттық қауіпсіздік саласында Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және олардың күшін жою жөнінде ұсынымдар дайындау болып табылады.

Қауіпсіздік Кеңесі күш құрылымдарының, орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді, сондай-ақ заң жобаларын талдайды және өз құзыреті шеңберінде нормативтік құжаттардың орындалуын бақылайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің Төрағасы, Парламенті Сенатының Төрағасы, Премьер-Министрі, Президенті Әкімшілігінің Басшысы, Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Сыртқы істер министрі, Қорғаныс министрі лауазымы бойынша Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері болып табылады.

Қажет болған жағдайда Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері етіп өзге де лауазымды тұлғаларды қосымша тағайындауы мүмкін.

Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы Қазақстан Республикасы Президентінің немесе оның тапсыруымен Қауіпсіздік Кеңесі мүшелерінің бірінің төрағалық етуімен кемінде үш айда бір рет өткізіледі және хаттамамен ресімделеді.

Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелері мен мүшелері жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған шешімдер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының орындауы үшін міндетті болып табылады. Қажет болған жағдайда Қауіпсіздік Кеңесінің шешімдері Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің актілерімен іске асырылуы мүмкін.

Аса маңызды мәселелер Президенттің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының басшылығымен өткізілетін жұмыс бабындағы кеңестерінде алдын ала талқыланады.

Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының ұсынуы бойынша құрылымы мен штатын Президент Әкімшілігінің Басшысы айқындайтын Қауіпсіздік Кеңесінің хатшылығы, Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы қамтамасыз етеді.

Қажет болған жағдайда Қауіпсіздік Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету үшін Қауіпсіздік Кеңесінің ведомствоаралық комиссиялары мен жұмыс топтары құрылуы мүмкін. Ведомствоаралық комиссияларды құру, міндеттері мен дербес құрамы туралы мәселені Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті шешеді. Ведомствоаралық комиссиялардың қызметін үйлестіруді, жұмыс топтарының міндеттері мен құрамын айқындауды Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы жүзеге асырады.

Ведомствоаралық комиссиялар, жұмыс топтары Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстарына материалдар дайындауды жүзеге асырады, Қауіпсіздік Кеңесінің немесе Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысының тапсыруы бойынша талдау және зерттеу жұмысын атқарады, сыртқы, қорғаныс, экономикалық және қоғамдық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатын негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлейді және өз қызметінің нәтижелері туралы Қауіпсіздік Кеңесін хабардар етеді.

Қауіпсіздік Кеңесінің ведомствоаралық комиссиялары мен жұмыс топтарының қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді осы комиссиялардың жұмысына өз өкілдері қатысатын мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшылығы және Қауіпсіздік Кеңесінің Ахуалдық орталығы жүзеге асырады.

Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы лауазымы 1994 жылдан бастап бекітілді. Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын лауазымды адам болып табылады. Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

2013 жылғы 22 қаңтарда Қайрат Пернешұлы Қожамжаров Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі – Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы болып тағайындалды [4].

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің қауіп-қатерлері: Қазақстанның тарихи дамуының қазіргі кезінде мемлекеттің шынайы ішкі және сыртқы қатерлері объективті түрде өмір сүреді, бұларға жол бермеу немесе жеңіп шығу Қазақстан Республикасы мемлекеттік қауіпсіздігі стратегиясының маңызды элементі болуы керек.

Қазіргі басты ішкі қауіп-қатер – елдің экономикасының жағдайы; экономикалық, ғылыми-техникалық және технологиялық артта қалушылық мүмкіндігі; әлеуметтік және мәдени азу; қазақстандық қоғамның меншіктік жағдайына қарай бөлінуінен туындайтын қоғамның поляризациясы және ынтымағының кемуі; ұйымдасқан қылмыстың өсуі мен лаңкестік қаупінің күшеюі; мемлекеттік басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық пен қоғамдық қатынастардың криминализациясы; экологиялық және демографиялық күйреу; ақыл-ой әлеуетінің кемуі; құндылықтар жүйесінің өзгеруі; қоғамдық мақсаттар мен идеалдарды жоғалту; мемлекеттік билікті ұйымдастырудың дамымаған жүйесі; мемлекет пен азаматтық қоғамның ұшқары шешімдерге мәжбүрлі болуының арта түсуі; халықтың жүріп жатқан реформалардың мән-маңызы, көздеген мақсаты, басымдылықтары, объектісі және әдістері туралы хабарсыз болуы.

Жалпы алғанда, ішкі саяси, әлеуметтік және рухани салалардағы дағдарыстың шиеленісуі елдің демократиялық жетістіктеріне қауіп төндіреді деуімізге болады.

Ішкі қауіп-қатерлердің екінші тобы базалық құндылықтарды жоғалтуға немесе оның суалуына байланысты:

1) территорияның – табиғи байлықтарының сарқылуы (энергия қорлары мен минералды қазба байлықты салықсыз сыртқа тасымалдау салдары, орман байлығын, теңіздің флорасы мен фаунасын тонау);

2) ұлттың – халықтың санының азаюы, денсаулығының, өмір сапасының төмендеуі, орта жасының кемуі, ұлттың өмір салтының бұзылуы (БАҚ арқылы зорлық-зомбылықты, байлық пен жалаң құндылықтар насихаттау, мемлекет пен ұлт алдындағы жауапкершіліктің әлсіреуі) [4].

Сыртқы қауіп-қатерлерді тізіп айтар болсақ:

1) Тәжікстан мен Ауғанстанда болып жатқан әскери қақтығыстармен негізделген Орта Азия мен оған шекаралас аймақтардағы абыржудың эскалациясы;

2) Исламдық фундаментализмнің кірігуі. Эксперттердің айтуы бойынша Қазақстанның дәл өзінде ортодоксалды ислам соншалықты дами қойған жоқ, бірақ бұл жағдай Тәжікстан мен Ауғанстан елдерінен келетін қауіпті сейілтпейді. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік комитетінің мәліметтері бойынша республиканың оңтүстік облыстарында ваххабиттер мен ишан-левиттік бауырлар сияқты ағымдардың қызметіне тосқауыл қойылды.

3) Халықаралық қылмыс. Ең алдымен бұл есірткі бизнесі мен қару-жарақ саудасы. Жекелеген эксперттердің пікірлері бойынша, «Қазақстан Ауғанстан – Пәкістан – Орта Азия» үшбұрышынан Ресей мен Батысқа есірткі тасымалдаушы транзитті аймақ болып табылады;

4) Халықаралық терроризм. Көптеген эксперттер бұл қауіп түрін таза қылмыстық әрекетке жатқызады. Алайда терроризмнің бұл түрі саяси мағынаға ие болуы мүмкін. Мысалы қылмыстық топтар терроризмді өздеріне ұнамаған саяси билік басшыларына қарсы ұйымдастырулары мүмкін [5].

Бүгінде Қазақстан өзінің алдына әлеуметтік саясаттың басым бағыттарының бірі – халықтың өмір сүру сапасы мен әлеуметтік стандарттарын тұрақты арттыру сияқты міндеттерді қойып отыр. Сондықтан қазақстандықтардың әл-ауқатын көтеру – мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі бағдарламалық міндеті болып табылады. Әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген жағдайда, әлеуметтік мүддесі мен қажеттілігі қанағаттандырылмаған жағдайда халықта мемлекетке, билікке деген сенім азайып, ол қоғамнан шеттей түседі, әлеуметтік наразылықтың өсуіне әкеледі, бұл өз кезегінде кей жағдайда елдегі жағдайдың тұрақсыздануына және ашық қақтығыстарға әкеледі. Нәтижесінде, әлеуметтік теңсіздікке жол беріліп, қоғамдық-саяси тұрақсыздық пен әлеуметтік жарылыс қаупі күшейеді, бұл ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді сөзсіз. Бұл мәселе туралы отандық ғалым Р.Әбсаттаров былай дейді: «Халықтың тіршілік ету деңгейінің жоғары болуы – әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген жағдайда адам құқығы мен бостандығының құрылымы өзгереді, адамдардың саяси белсенділігі төмендейді, мемлекетке сенімсіздік пайда болады, саясатқа селсоқтығы ұлғаяды, құқық пен бостандықтың заңды кепілдіктері әрқашан мүмкін емес деген ұғым қалыптасады. Әлеуметтік мемлекеттің өмір сүруі құқықтың мемлекетпен бірлікте екенін атап көрсету қажет. Өйткені, әрі құқықтық, әрі әлеуметтік мемлекетте жеке тұлғаның дамуы мен игілігі үшін тиімді жағдайлар

жасауға тырысады» [6]. Қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы, алдымен ойластырылған мақсатты әлеуметтік-экономикалық саясаттың көмегімен қамтамасыз етіледі. Бұл саясаттың мақсаты – әр адамға, бүкіл қоғамға, өз уақытында К.Маркс айтып кеткендей, адам өмірінің сапалығын қамтамасыз ету. Олай болса, ұлттық қауіпсіздік тұрғысында мемлекеттің әлеуметтік позициясы, әлеуметтік мұраты, әлеуметтік мүддесі бір арнаға бағытталуы тиіс. Ол үшін барша қазақстандықтардың әлеуметтік белсенділіктерін, жауапкершіліктерін арттыратын шаралар қолға алынуы керек. Соған қоса, осы бағыттағы атқарылар жұмыстардың мақсаты адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерімен қоса, олардың материалдық мұқтаждықтарының ойдағыдай шешіліп отыруымен де негізделеді. Өйткені, әлеуметтік тұрақтылық – мемлекеттігіміздің үздіксіз дамуының маңызды құрамдас бөлігі. Кез келген қарқынды қоғамды дамытудың ең ақырғы мақсаты – адамдардың өміріне қатысты ұзақ, сау, мықты және материалдық жағынан ауқатты өмір сүру жағдайын қалыптастыру.

Жоғарыда аталған мемлекетімізге қауіп-қатерлерді сейілту үшін, Қазақстан Республикасы ішкі және сыртқы саяси тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қолдан келетін іс-шараларды жасауда. Соның айғағы ретінде Қазақстан Республикасы қазіргі таңда халықаралық деңгейде толеранттылық пен ынтымақтастық қағидалары мен идеяларын ұсынып, бейбітшілік пен тұрақтылық имиджі арқылы танылған ел болып отыр. Қазақстанның мына халықаралық ұйымдар деңгейінде ынтымақтастық, қауіпсіздік пен толеранттылық сияқты өзекті мәселелерді шешу бағытында қарқынды жұмыстар жүргізді:

1. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (Азия кеңесі, АӨСШК). АӨСШК-ні құру туралы идеяны Н. Ә. Назарбаев 1992 жылы 5-қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынған болатын. АӨСШК елдерінің толеранттылық мәселелері жөніндегі азаматтық форумы өтті;

2. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі (ТМЫК) мүшесі, 2009 жылы 3 қазанда құрылған.

3. Шанхай ынтымақтастық ұйымы. 2010 жылдың маусымынан бастап 2011 жылдың маусымына дейін төрағалық етті;

4. Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымының 2010 жылғы төрағасы. ЕҚЫҰ Астана саммиті, 2010 жыл 1–2 желтоқсан;

5. Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық ету 2011 жылы 20 желтоқсанда өтті;

6. Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалық, 2011 жыл. 2011–2015 жылдарға арналған Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық туралы ИЫҰ Іс-шара жоспары қабылданды.

Қазақстан халықаралық ұйымдарға төрағалық ету және белсенді мүшелік қызметі арқылы мынадай нәтижелерге де қол жеткізді:

– халықаралық деңгейде мойындауға қол жеткізу және елде тұрақтылықтың қалыпты дамуы;

– әлемдік қауымдастықтың Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау мен нығайтудағы қосқан үлесінің жоғары бағалауы;

– халықаралық маңызға ие мәселелер бойынша өзіндік бастамаларын іс жүзінде асыруға зор мүмкіндіктеріне ие болуы;

– әлемдік қауымдастықты Азия континентіне, ондағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төндіріп отырған немесе төндіруі мүмкін мәселелерді реттеуге, алдын алуға көңіл аударту.

Қазақстанның ЕҚЫҰ-на 2010 жылы төраға ретінде сайлануы қазіргі заманның негізгі қауіп-қатерлері және сынақтарына ырғақты және біржақты жауап беруге кепілдіктер береді. Өйткені Қазақстан күштері тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төзімділікті нығайтып қысым көрсетуге жол бермеу, халықаралық лаңкестікке қарсы күш көрсету мәселелерін де шоғырландыру ниетінде [7].

Қазақстан Республикасының ЕҚЫҰ-на 2010 жылы төрағалығы «Сенім. Дәстүр. Ашықтық. Төзімділік» ұранымен өткені де жай емес. TRUST – бұл кез келген күдіктің орын алмай, толық саликалылықты сезіну болып табылады. TRADITION – ұрпақтан ұрпаққа жеткен барлық қоғамдық қатынастарды реттейтін жоралғы, дағдылар мен икемділік тұрасындағы көзқарастар жиынтығы. TRANSPARENCY – ақпаратқа қолжетімділік бағытындағы құпиялылықтың жоқтығы, деректің нақтылығы мен мөлдірлігі. TOLERANCE – өзгенің өмір-салтына, мінез-құлқына, салт-дәстүріне, сана-сезіміне, пікіріне, идеяларына, нанымына төзімділік. Жоғарыда аталған

ұран Қазақстанның көпұлтты, көпконфессиялы қоғамына тән. Мұның барлығы Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың жүргізіп отырған байсалды саясатының жемісі деп санаймын.

Қазақстан Президенті қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың анағұрлым кең координаттардағы – «мұхиттан мұхитқа дейінгі» жаңа деңгейіне көшу туралы мәлім етті. Атап айтқанда, әңгіме қауіпсіздіктің төрт мұхит шекарасындағы – Атлант мұхитынан Тынық мұхитқа және Солтүстік Мұзды мұхитынан Үнді мұхитына дейінгі біртұтас кеңістіктің қалыптастыру жөнінде өрбіді. Осылайша, Астанадағы ЕҚЫҰ саммиті біртұтас және бөлінбес қауіпсіздіктің Еуро-атлантикалық және Еуразиялық қоғамдастығы құрылуына бастау жасап берді.

Саммитке ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер мен ынтымақтастық жөніндегі серіктестерден 38 мемлекет және үкімет басшысы, бір вице-президент, жеті үкімет төрағасы орынбасары, он төрт министр және өзге де жоғары лауазымды шенеуніктер, сонымен қатар басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдардың өкілдері қатысты. Олардың қатарында ЕҚЫҰ Бас Хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мун, Ресей Федерациясының Президенті Дмитрий Медведев, АҚШ мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон, Германия Федеральдық Канцлері Ангела Меркель, Италия Премьер-министрі Сильвио Берлускони, өзге де халықаралық ұйымдар мен мемлекеттер көшбасшылары бар.

Саммит қорытындысы бойынша аса жоғары деңгейде Астана декларациясы қабылданды. Онда Саммитке қатысушылар ЕҚЫҰ-ның Хельсинки актісінде және Жаңа Еуропаға арналған Париж хартиясында, Ұйымның өзге де құжаттарында бекітілген міндеттемелерін, қағидаттары мен құндылықтарын қуаттады. Сонымен қатар, қатысушы елдер өкілдері ЕҚЫҰ-ның барлық үш өлшемі бойынша жұмысты жалғастыруға, жауапкершілігі аймағында орын алып отырған қақтығыстарды реттеуде күш-жігерді артыруға, адам құқықтарын қорғауға, заңның үстемдігін қамтамасыз етуге, жаңа қатерлерге қарсы лайықты жауап қату мүддесі жолында Ұйым жұмысын жаңаша жолға қоюға міндеттенді. Саммиттің басты қорытындысы жаңа тарихи шарттар жағдайында «Хельсинки рухын» жаңғырту болды. Оған қоса, жоғары деңгейдегі басқосу ЕҚЫҰ беделін және оның әлемдегі қажеттілігін арттыруға, мүше мемлекеттер арасындағы сенім мен өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етті.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Астана рухы» айрықша белгісіне айналған екідүндік Саммитті «бүкіл ЕҚЫҰ қоғамдастығы үшін тарихи оқиға» ретінде сипаттап берді.

Астанадағы Саммит делегациялар басшылары тарапынан жоғары бағаға ие болды. Сөйтіп, Ұйымның Бас Хатшысы Марк Перрен де Бришамбо Қазақстан елордасында қабылданған шешімдердің Ванкуверден Владивостокқа дейінгі кеңістіктегі барлық негізгі ойыншылардың – мемлекеттер мен ұйымдардың күш-жігерін қауіпсіздікті нығайтудың және ортақ қауіп-қатерлерге қарсы тұрудың біртұтас стратегиясын жасаудың басты міндетін шешуде жұмылдыруға ықпал ететінін атап өтті. ЕҚЫҰ-ның Астанадағы Саммиті «еуропалық ортақ үй» салуға қайтадан кірісуге нақты мүмкіндік берді. БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мун ЕҚЫҰ-дағы Қазақстан төрағалығының мейлінше табысты болғанын атады. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Хиллари Клинтон ЕҚЫҰ Саммиті Қазақстанның халықаралық қоғамдастықта үлкен рөл атқаратынының дәлелі екенін атап айтты [9].

Жоғарыдағы мәселелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының Еуропадағы ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымына ерекше жаңаша серпіліс бергенін аңғаруға болады. Оған қоса, халықаралық сахнада жоғары беделді тұлғалардың Қазақстан Республикасының төрағалығына оң бағасын беруі де соған дәлел бола алады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғанына жйырма жылдан астан ғана уақыт болған жас ел үшін осындай беделге ие болу оңай мәселе емес.

Қорыта айтқанда, ұлттық қауіпсіздік саласындағы стратегиясы жалпылай мемлекеттің маңызды ұлттық мүдделерін қамтамасыз ету үшін тұтасымен алғанда мемлекеттік биліктің барлық институттарымен; құқықтық-экономикалық және әкімшілік әдістердің бүкіл дерлік құралдары мен тәсілдерін дұрыс қолдана білу негізінде іске асуы тиіс. Қазіргі таңдағы Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің стратегиясы: қоғамның әлеуметтік-саяси қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, тұрғылықты халықтың өмір сүру деңгейін қажетті жақсы деңгейде ұстауға Қазақстанның Конституциялық тәртібінің негіздерін сақтау және мемлекеттік құндылықтар мен мүдделердің тұрақты жүйесін қалыптастыруға бағытталуы қажет. Өйткені елдің қарқынды дамуы мен өркендеуінің ең басты алғышарты – мемлекет ішіндегі тұрақтылық, саяси биліктің қабылдап отырғын саясаттың орынды әрі уақытылы жүзеге асыруы, сонымен қатар, халықаралық сахнада мемлекеттің шет елдер алдында өзін тұрақты, өз міндеттемелерден бас тартпайтын серіктес ретінде өзін ұстануы.

Бүгінгі таңда әлемде болып отырған жағдайлар халықаралық қатынастар мен жалпы әлем конфигурациясының жаңаша түрі пайда болғанына көз жеткізіп отырмыз. Жаһандану үрдісі жылдан жылға қарқынды жүріп жатыр. Мемлекеттердің өзара арақатынастары нығая түседі. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы үшін сыртқы саясатты дұрыс бағыттап отырып, әлемде болып жатқан зиянды әрі деструктивті үрдістер мен қауіптерден сақтанып, ұлттық қауіпсіздікке ешбір нұқсан келтірмей әрекет жасау өте маңызды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. Ә. *Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.* Алматы: Білім, 1997. – 256 бб.
- 2 *Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік туралы заңы.* // <http://www.adilet.zan.kz>.
- 3 *Қазақстан принял программу национальной безопасности до 2005 года.* // *Панорама.* 1999. 12 ноября).
- 4 http://www.akorda.kz/kz/page/kauipsizdik-kenesi_1342004752.
- 5 Иватова Л.М. *Ұлттық қауіпсіздік.* Алматы, КазНУ им.Аль-Фараби. 2005ж. 47бет.
- 6 *Угрозы возникновения политических конфликтов в Республике Казахстан. Вестник КазНУ. Серия политология. № 2 (33). 2009.С197.*
- 7 Р.Әбсаттаров. *Әлеуметтік мемлекет: мәні мен анықтамасы* // *Ақиқат.* 2004. – №5. 41бет.
- 8 Саудабаев Қ. Б. *Қазақстанның жұлдызды сағаты* // *Егемен Қазақстан,* 2010ж, 22 қаңтар, – 1бет.
- 9 http://www.akorda.kz/kz/page/astanadahy-ekyu-sammiti_1340725451.